

## 2018-2022 жылдарға арналған даму жоспары

«Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай - ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Даму жоспары Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы шешімімен бекітілді (№45/17 хаттама).

Қоғам қызметінің негізгі түрлеріне сәйкес 5 жыл ішінде жоспарланады:

млрд. теңге

№ п/п	Атауы	2018	2019	2020	2021	2022
1	Республикалық деңгейдегі автомобиль жолдарының дамуы (мемлекеттік тапсырма)	123	85	42	120	120
2	Республикалық маңызы бар автожолдарға күрделі, орташа және ағымдық жөндеу жүргізу, күтіп ұстау, көгалдандыру, диагностика және аспаптық құралдармен тексеру (мемлекеттік тапсырма)	78	77	82	82	82
3	Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындау (қайта жаңартуды жүргізу және ақылы қозғалысты ұйымдастыру, оның ішінде инвестициялар тарту үшін берілген объектілер))	19	36	34	30	51
4	Ақылы автомобиль жолдарының (учаскелерін) сенімгерлік басқаруы					
	алымдар, млрд. теңге	4	35	47	72	92
	ұзындығы, мың км	5,6	6,0	10,1	14,0	15,8
5	Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	2	2	2	2	2

Қоғам бюджеті:

1. мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша мемлекеттік тапсырманы және міндеттемелерді орындау:

ҚҚС-сыз, млрд. теңге

№ п/п	Көрсеткіштердің атауы	2018	2019	2020	2021	2022
<b>1</b>	<b>Кірістер</b>	<b>198</b>	<b>178</b>	<b>143</b>	<b>209</b>	<b>228</b>
	мемлекеттік тапсырма	179	144	110	180	180
	сенімгерлік басқару	17	32	30	27	46
	жұмыстарды ұйымдастыру бойынша қызметтер	2	2	2	2	2
<b>2</b>	<b>Шығындар</b>	<b>198</b>	<b>178</b>	<b>143</b>	<b>209</b>	<b>228</b>
<b>2.1</b>	<b>Өзіндік құн</b>	<b>196</b>	<b>176</b>	<b>140</b>	<b>207</b>	<b>226</b>
	мемлекеттік тапсырма	179	144	110	180	180
	сенімгерлік басқару	16	32	30	26	46
<b>2.2</b>	<b>Әкімшілік шығындар</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>

Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарттары (салу/реконструкцияларды жүргізу үшін берілген объектерлерді) жалпы сомасы 2 млрд 548 млн АҚШ доллары болатын халықаралық қаржы институттарының қаражаты есебінен инвестициялық жобаларды (республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерін реконструкциялау) іске асыру шеңберінде жасалған, атап айтқанда::

1) Еуропа Қайта Құру және даму банкі – 189 млн. АҚШ доллары, оның ішінде:

- "Құрты-Бурылбайтал" (2214-2295 км) 103 млн. АҚШ доллары,
- "Құрты-Бурылбайтал" (2152-2214 км) 86 млн. АҚШ доллары;

2) Қытайдың экспорттық - импорттық банкі – 2 млрд. 395 млн. АҚШ доллары, оның ішінде:

– "Талдықорған – Қалбатау-Өскемен" (287-1073 км) 796 млн. АҚШ доллары,

– "Мерке-Бурылбайтал" (км 7-273) 253 млн. АҚШ доллары,

– "Қалбатау-Майқапшағай" (км 906-1321) 434 млн. АҚШ доллары,

- "Астана қаласының оңтүстік-батыс айналма жолы" (0-33 км) 184 млн.

АҚШ доллары,

- "Қарағанды-Балқаш" (1492,4-1855 км) 727,21 млн. АҚШ доллары.

2. автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) сенімгерлік басқару):

ҚҚС-сыз, млрд. теңге

№ п/п	Көрсеткіштердің атауы	2018	2019	2020	2021	2022
<b>1</b>	<b>Кірістер</b>	<b>3,7</b>	<b>31,4</b>	<b>42,4</b>	<b>64,0</b>	<b>82,3</b>
	төлем алудан алынатын алымдар	3,7	31,4	42,4	64,0	82,3
<b>2</b>	<b>Шығындар</b>	<b>3,6</b>	<b>31,2</b>	<b>42,2</b>	<b>62,8</b>	<b>81,0</b>
	<i>соның ішінде:</i>					
	өзіндік құн	2,8	23,8	32,6	46,3	63,6
	әкімшілік шығындар	0,7	1,8	2,3	4,0	6,3
	инвестициялық төлемдер	0	4,6	6,0	10,6	8,7
<b>3</b>	<b>Кірістердің шығындардан асып түсуі</b>	<b>0,1</b>	<b>0,2</b>	<b>0,2</b>	<b>1,2</b>	<b>1,3</b>
<b>4</b>	<b>Күрделі салымдар</b>	<b>0,1</b>	<b>0,2</b>	<b>0,2</b>	<b>1,2</b>	<b>1,3</b>

Сенімгерлік басқару шартына сәйкес ҚР Қаржы министрлігінің атынан Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тулғасындағы Құрылтайшы пайда алушы болып табылады. Осыған байланысты, қоғам сенімгерлік басқару шеңберінде алынған/шеккен кірістерді/шығыстарды өзінің қаржылық есептілігіндегі талаптарға/міндеттемелерге элиминациялайды.

Кірістердің шығыстардан асып кетуі күрделі салымдарға, оның ішінде ақы алу жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ету үшін негізгі құралдарды сатып алуға бағытталатын болады.